

Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 6 тамыздағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 тамызда № 23942 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 07.09.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); Орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.11.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабының 3-2-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 8-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.11.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 07.09.2022 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); Орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.11.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. "Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 926

бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21300 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Қаржылық мониторинг субъектілерімен жұмыс жөніндегі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы

Ж. Элиманов

Қазақстан Республикасы
Қаржылық мониторинг
агенттігі төрағасының
2021 жылғы 6 тамыздағы
№ 4 бұйрығымен бекітілген

Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

Ескерту. Талаптар жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.11.2025 № 15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 3-2-тармағына және Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) халықаралық стандарттарына сәйкес Заңның 3-бабы 1-тармағының 7), 8), 13), 15), 16), 18), 21) және 22) тармақтарымен көзделген қаржы мониторингі субъектілері (бұдан әрі – субъект) үшін әзірленді.

2. Ішкі бақылау қағидалары субъектілердің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимылға (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ) бағытталған жұмыстың ұйымдастырушылық негіздерін реттейтін және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ мақсатында іс-қимыл тәртібін белгілейтін құжат болып табылады.

3. Ішкі бақылау қағидалары Заңның 11-бабының 3-тармағында көзделген бағдарламаларды қамтиды.

Субъект ішкі бақылау қағидаларының бағдарламаларына Талаптарда көзделмеген ережелерді енгізуге құқылы.

4. Ішкі бақылау қағидалары субъектімен (жоғарғы басқару органымен немесе басшысымен) бекітіледі және жеке кабинетте орналастырылады.

2-тарау. Субъектілердің басшы қызметкерлерінің немесе субъектілердің тиісті құрылымдық бөлімше басшысының деңгейінен төмен емес өзге де басшыларының арасынан, ішкі бақылау қағидаларының іске асырылуына және сақталуына жауапты адамды тағайындау туралы талапты, сондай-ақ субъектілердің ішкі бақылау қағидаларының іске асырылуына және сақталуына жауапты қызметкерлеріне қойылатын өзге де талаптарды, оның ішінде мінсіз іскерлік беделінің болуы туралы талапты қоса алғанда, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ жасау мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы

5. Ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы:

1) ішкі бақылау қағидаларының іске асырылуына және сақталуына жауапты адамды (бұдан әрі – жауапты адам) тағайындау тәртібін;

2) жауапты адамға жүктелетін өкілеттіктері мен міндеттерін;

3) жауапты адамның уақытша болмауы кезінде (демалыс, уақытша еңбекке жарамсыздық, қызметтік іссапар) оның міндеттерін жүктеу тәртібін;

4) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ бойынша функцияларды орындайтын құрылымдық бөлімшенің (болған жағдайда) өкілеттіктері мен міндеттерін.

Мұндай құрылымдық бөлімшені құру туралы шешімді заңды тұлғалар өздерінің құрылымы, штат саны, клиенттік базасы және клиенттің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күдікті операция (бұдан әрі – күдікті операция) жасау тәуекелінің деңгейі ерекшеліктері негізінде өз бетінше қабылдайды;

5) субъектінің және оның филиалының (болған жағдайда) ішкі бақылау жүйесінің сипаттамасы, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларын іске асыру мәселелері бойынша заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің (жеке кәсіпкердің қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібін;

6) ішкі бақылау қағидаларына өзгерістер енгізу тәртібін;

7) ішкі бақылау жүйесін тексеру тәртібін;

8) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ бойынша міндеттерді іске асыру нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтерді сақтау тәртібін қамтиды.

6. Жауапты адам ретінде еңбек шарты негізінде субъектінің қызметкері болып табылатын және мынадай талаптарға сәйкес келетін:

басшы мәртебесі (құрылымдық бөлімше басшысы деңгейінен төмен емес) бар және заңды тұлғаның басшысына тікелей бағынатын;

жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар;

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ саласында немесе субъектінің қызмет саласында кемінде 2 (екі) жыл еңбек өтілі бар;

мінсіз іскерлік беделі бар;

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін тестілеуден өткендігі туралы сертификаты (бұдан әрі – сертификат) бар жеке тұлға тағайындалады. Сертификат субъектінің жеке кабинетінде орналастырылады.

Жауапты адамның уақытша болмауы кезінде (демалыс, уақытша еңбекке жарамсыздық, қызметтік іссапар) оның міндеттері жүктелетін тұлға жауапты адамға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Субъект дара кәсіпкер немесе жеке тұлға болған жағдайда, өзін жауапты адам ретінде тағайындайды. Бұл ретте жауапты адамға қойылатын талаптар, сертификаттың болуын қоспағанда, оларға қолданылмайды.

7. Субъект жылына кемінде 1 (бір) рет ішкі бақылау жүйесінің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

Ішкі бақылау жүйесін тексеру:

1) субъектінің (жауапты адамның) ішкі бақылау қағидаларын және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауын тексеруді;

2) субъектіге (жоғарғы басқару органына немесе басшысына) жүргізілген тексеру нәтижелері туралы жазбаша есептерді ұсынуды;

3) тексерулер нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жоюға бағытталған шараларды қабылдауды қамтиды.

Ішкі бақылау жүйесін тексеруді субъектінің шешімі бойынша сыртқы аудит, ішкі аудит (ол болған кезде) немесе КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ жүйесіне қатыспайтын құрылымдық бөлімше (қызметкер) жүзеге асырады.

8. Субъект клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кемінде 5 (бес) жыл Заңның 11-бабының 4-тармағында көзделген құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, клиенттердің тәуекелдерін және көрсетілетін қызметтерді қылмыстық мақсаттарда пайдалану

тәуекелдерін ескеретін, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру тәуекелдерін (тәуекелдің төменгі, жоғары деңгейлерін) басқару бағдарламасы

9. Тәуекелдерді басқару бағдарламасы:

1) іскерлік қатынастарды орнату кезінде клиентті бағалау және тәуекел дәрежесіне (деңгейіне) жатқызу, сондай-ақ клиенттерді тиісінше тексерудің жеңілдетілген немесе күшейтілген шараларын қолдану тәртібін;

2) клиент тәуекелінің дәрежесін (деңгейін) қайта қарау тәртібі мен мерзімдерін;

3) тәуекелдерді басқару тәртібін;

4) жаңа қызметтерді (өнімдерді) және (немесе) бағдарламалық-техникалық құралдарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ) мақсатында пайдалану тәуекелдерін бағалау, оларды төмендетуге бағытталған шаралар кешенін әзірлеуді қосатын тәртібін;

5) тәуекел дәрежесін (деңгейін) бағалау және тәуекелдерді басқару нәтижелерін тіркеу тәртібін қамтиды.

10. Тәуекел дәрежесін (деңгейін) бағалау іскерлік қатынастарды орнату кезінде және іскерлік қатынастар барысында жүзеге асырылады.

Тәуекел дәрежесін (деңгейін) бағалау мынадай тәуекел санаттарының біреуі немесе жиынтығы бойынша жүзеге асырылады:

елдермен және (немесе) жекелеген географиялық аумақтармен байланысты тәуекелдер;

клиенттермен байланысты тәуекелдер;

клиент көрсететін қызметтерге (өнімдерге), жеткізілім арналарына, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларына (бұдан әрі – операция) байланысты тәуекелдер.

Субъект өз қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, қосымша тәуекел санаттарын белгілейді.

11. Субъект тәуекел дәрежесін (деңгейін) бағалау кезінде мынадай факторларды:

тәуекелдерді ұлттық және секторлық бағалау нәтижелерін;

клиенттердің қызметінің сипаты мен түрлерін, сондай-ақ олардың пайдаланатын өнімдерін (қызметтерін);

ақпарат пен мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті органның ұсынымдарын;

уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған және басқа да қолжетімді дереккөздерден КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ типологияларын, әдістері мен тәсілдерін;

ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын ескере отырып, клиенттердің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ мақсатында операцияларды жасауының жоғары тәуекелдері бар қызмет түрлерінің және шарттарының, операцияларының белгілерін ескереді.

Субъект өз қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, тәуекел дәрежесін (деңгейін) бағалау үшін қосымша факторлар әзірлейді.

12. Тәуекел дәрежесін (деңгейін) бағалау кезінде клиенттерді мынадай тәуекел деңгейлеріне жатқызу жүргізіледі:

тәуекелдің жоғары дәрежесі (деңгейі);

тәуекелдің төмен дәрежесі (деңгейі).

13. Субъект клиентке тәуекел дәрежесін (деңгейін) беру туралы шешімді клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы, сондай-ақ клиент немесе клиенттің мүддесінде жасалатын операциялар туралы иелігіндегі ақпаратты зерделеу нәтижелері бойынша қабылдайды.

14. Іскерлік қатынастар ұзақ (созылмалы) сипатта болса, субъект клиенттің тәуекел деңгейіне тұрақты мониторингті жүзеге асырады.

Тәуекел тобын қайта қарау туралы шешім тәуекел дәрежесін (деңгейін) бағалауға негіз болатын факторлар анықталған кезде қабылданады.

15. Тәуекелдерді басқару Заңның 5-бабының 7-тармағында көзделген шаралар шеңберінде тәуекелді төмендету жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру арқылы іске асырылады.

Тәуекел дәрежесі (деңгейі) жоғары клиенттер туралы мәліметтерді жаңарту жарты жылда кемінде 1 (бір) рет жүзеге асырылады.

16. Жаңа қызметтерді (өнімдерді) және (немесе) бағдарламалық-техникалық құралдарды бағалау оларды іске қоспас бұрын жүргізіледі.

17. Субъекті жыл сайын клиенттердің, қызметтердің (өнімдердің) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін (деңгейін) бағалауды жүзеге асырады.

КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тәуекелдері дәрежесін (деңгейін) бағалау нәтижелері есепті жылдан кейінгі жылдың 10 (оныншы) қаңтарына дейінгі мерзімде субъектінің жеке кабинетінде орналастырылады.

4-тарау. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы

18. Клиентті сәйкестендіру бағдарламасы:

1) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру, сондай-ақ алынған мәліметтердің дұрыстығын растау шараларын қабылдау тәртібін;

2) клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбелерінде болуын тексеруді;

3) ақшалай қаражаттардың немесе өзге мүліктің шығу көздерін айқындай отырып, шетелдік жария лауазымды адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін жария лауазымды адамдар тізбесіндегі адамдарды анықтау тәртібін;

4) Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын мемлекетте (аумақта) тіркелген немесе тұрғылықты жері бар заңды және жеке тұлғаларды айқындау тәртібін қамтиды.

19. Клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру нәтижесінде алынған мәліметтерді тіркеу тәсілдері мен нысандарын субъектімен өз бетінше айқындалады.

5-тарау. Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасы

20. Клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасы:

1) қаржы мониторингіне жататын операцияларды және күдікті қызметті анықтау рәсімдерін;

2) операцияны жүргізуден немесе іскерлік қатынастарды орнатудан (тоқтату) бас тарту туралы шешім қабылдау тәртібін;

3) операциялары тоқтатып қою жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс өз клиенттерінің болуына қатысты салыстыру жүргізудің тәртібі мен кезеңділігін;

4) операцияларды тоқтатып қою жөнінде шаралар қабылдау тәртібін;

5) операцияларды тоқтата тұруға байланысты іс-қимылдар тәртібін;

6) Заңның 11-бабының 5 және 5-1-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ бойынша қолданылатын шаралар туралы клиентті хабардар ету және өзара іс-қимыл жасау тәртібін;

7) Заңның 12-бабының 8-тармағында көзделген операцияларды жүзеге асыру үшін клиенттермен өзара іс-қимыл жасау тәртібін;

8) уәкілетті органға операцияны жүргізуден немесе іскерлік қатынастарды орнатудан (тоқтату) бас тарту, операцияларды тоқтатып қою және тоқтата тұру фактілері туралы хабарламалар беру тәртібін қамтиды.

21. Клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және зерделеу бағдарламасына күдікті операциялардың және (немесе) қызметтің белгілері, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ типологиясы, схемалары мен тәсілдері енгізіледі.

Субъект клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және зерделеу бағдарламасына қосымша күдікті операциялардың және (немесе) қызметтің белгілерін, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ типологиясын, схемаларын мен тәсілдерін енгізуге құқылы.

22. Клиенттің операциясын және (немесе) қызметін күдікті деп тану туралы шешімді субъект қаржы-шаруашылық қызметі, клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің қаржылық жағдайы және іскерлік беделі туралы ақпараттың негізінде қабылдайды.

Күдікті операция және (немесе) қызмет анықтау үшін субъект клиенттің операцияларына мониторинг және оның иелігіндегі ақпаратты зеріттеу жүргізіледі.

Субъектінің шешімінде операцияны және (немесе) қызметті күдікті деп тану күні мен негіздері жазылады.

23. Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы хабарлама субъектімен уәкілетті органға жеке кабинет арқылы жіберіледі.

24. Клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу нәтижелері тәуекел дәрежесін (деңгейін) және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ тәуекелдерін басқаруды субъектімен жыл сайын бағалау үшін, сондай-ақ клиенттердің тәуекел тобын қайта қарау үшін пайдаланылады.

6-тарау. Субъектілердің КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ саласында даярлау және оқыту бағдарламасы

25. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ саласында субъектіні даярлау және оқыту бағдарламасы Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасының 2021 жылғы 9 тамыздағы № 6 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23952 болып тіркелген) бекітілген Қаржы мониторингі субъектілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы даярлау және оқыту бойынша қойылатын талаптарына сәйкес әзірленеді.